

Тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсететін ұйымдарды тіркеу жөніндегі Ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет мемстандарт төрағасының 2003 жылғы 31 қазандағы N 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 17 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2562. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 292 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 292 бұйрығымен.

Үзінді:

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

1)

2) "Тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсететін ұйымдарды тіркеу жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті төрағасының 2003 жылғы 31 қазандағы N 373 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2562 тіркелген, 2004 жылғы 16 қаңтарда "Казахстанская правда" газетінің N 9 жарияланған);

3)

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

"Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тіркеу жүйесін дамыту мақсатында, Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсететін ұйымдарды тіркеу жөніндегі Ережелер бекітілсін.

2. Пресс-хатшы (Қажахметова Ж.С.) осы Ережелердің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

"Тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдарды тіркеу бойынша Ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 31 қазандағы N 373 бұйрығымен бекітілді

Тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдарды тіркеу бойынша Ережелер

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдарды тіркеу тәртібін белгілейді.

2. Тіркеу саласында консалтингтік қызметтер көрсету жөніндегі ұйым (бұдан әрі - ұйым) - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекітілген тәртіпте тіркелген сертификаттау жөніндегі органдарды және сынақ зертханаларын (орталықтарын) тіркеуге дайындау бойынша жұмыстар жүргізетін заңды тұлға.

3. Ұйым тәуелсіздігі және қажетті құзыреті бар және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесінің, Тіркеу жүйесінің (бұдан әрі - ҚР МСЖ, ТЖ) ережелерін мойындайтын заңды тұлғалар болуы мүмкін.

4. ҚР МСЖ, ТЖ-де өтінішкер-ұйымдарды тіркеуге дайындау жөніндегі тәуелсіз сараптық бағалау жүргізуге құқықтық өкілеттікті ұйым - өтінушілерді және тіркеу Аттестатын беру туралы шешім негізінде уәкілетті орган береді.

Ұйым филиалдары мен өкілдіктері ҚР МСЖ, ТЖ белгілеген тәртіпте тіркеледі.

5. Ұйым осы ережеде белгіленген талаптарға сәйкес болуы, және ұйымның тіркеу саласына сәйкес өтінішкерлерге қызмет көрсетуді қамтамасыз етуі тиіс.

Ұйымның негізгі мәселелері, оның қызметтері, құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі, ұйымдастыру құрылымы және тараптық ұйымдармен өзара іс-қимылы ұйым туралы ережеде көрсетілуі тиіс.

Ұйым негізге алып әрекеттенетін процедуралар қызмет көрсету жағдайында

кемсітушілік немесе мәселелерді жығыс бірден шешу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

6. Ұйым өтінішкерлердің сұрауы бойынша:

- 1) заңды тұлғаның құрылтайшылық құжаттары мен әділет органдарында мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігін;
- 2) ұйымдастыру құрылымын;
- 3) ұйымның тіркелгенін растайтын құжаттамасын;
- 4) тіркеуге дайындау тәртібі туралы ақпаратты;
- 5) көрсетілетін қызметтерінің бағаларын ұсынады.

2. Ұйымды тіркеу тәртібі

7. Ұйымды тіркеу мынадай кезеңдерді қарастырады:

- 1) өтінілген құжаттарды қарау, қабылдау;
 - 2) өтінілген құжаттарды сараптау;
 - 3) өтінішкер-ұйымдарды зерттеу;
 - 4) зерттеу материалдарын қарау;
 - 5) ұйымды тіркеу;
- 6) тіркеу туралы құжаттарды ресімдеу және беру.

8. Өтінілген құжаттарды қарау, қабылдау және сараптау.

Ұйым ретінде тіркелуге үміткер мекеме уәкілетті органға өтінім (1 қосымша нысаны бойынша) жібереді.

9. Өтініммен бірге мыналар түптелген екі құжаттар жинағы қоса жіберіледі:

Тіркеу саласында консалтингілік қызмет көрсету жөніндегі орган туралы е р е ж е (2 қ о с ы м ш а) ;

Сапа жөнінде ұсыныстар;

Мамандар туралы мәліметтер (3 қосымша);

Ұйымның әрекет бағыты бойынша мамандардың жоғарғы техникалық біліктілігін растайтын құжаттар көшірмелері;

Ұйымның сапа жүйесіне жауаптыларда, құрылымдық бөлімшелер басшыларында және тәуелсіз сараптық бағалау бойынша жұмыстарды іске асыратын мамандарда тіркеу немесе сапа жүйелері жөніндегі сарапшы-аудитор атағының барлығын растайтын құжаттар көшірмелері;

Ұйымның заңды мәртебесін белгілейтін құжаттар көшірмелері;

Тіркеудің өтінілген саласы (4 қосымша).

Өтінілген құжаттарды тіркегеннен кейін уәкілетті орган бір ай ішінде оларда қажетті ақпараттың дұрыс баяндалуын және толықтығын белгілеу, қолданылатын терминдер мен Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының және заңдарға, нормативтік, құқықтық актілерге және нормативтік құжаттарға сәйкестігін бекіту мақсатымен өтінілген құжаттарға сараптау жүргізуді ұйымдастырады.

10. Өтінішкер-ұйымды зерттеу:

1) Өтінішкер-ұйымды зерттеу үшін уәкілетті орган комиссия құрамын қалыптастырады.

2) Зерттеу кезінде өтінішкер-мекеменің нақты күйі осы ереже талаптарына және ұсынылған құжаттарға сәйкестігі, өтінілген салада қызмет көрсету қабілеті белгіленеді.

3) Зерттеу нәтижесі бойынша комиссия мүшелерімен қол қойылған, белгіленген нысанды (5 қосымшасы) акт құрастырылады және өтінішкер-мекеменің басшысына танысу үшін ұсынылады.

4) Зерттеудің теріс нәтижесі жағдайларында, осы ережеде белгіленген тәртіпте, зерттеу актісінде ескерілген кемшіліктерді жойғаннан кейін тиісті түзету шараларын жүргізсе, өтінішкер-мекемеге тіркелуге қайта өтінім беруге құқық беріледі.

5) Зерттеудің оң нәтижелері жағдайында өтінілген құжаттар және сараптық тұжырымдамамен бірге зерттеу актісі уәкілетті органның тіркеу комиссиясына жіберіледі.

11. Өтінішкер-ұйымның зерттеу материалдарын қарау, тіркеу құжаттарын ресімдеу және беру:

1) Уәкілетті органның тіркеу жөніндегі комиссиясы тіркеуге ұсынылған құжаттарды, зерттеу материалдарын қарайды және шешім қабылдайды.

2) Комиссияның оң шешімі негізінде уәкілетті орган белгіленген үлгідегі Тіркеу аттестатын ресімдейді (6 қосымшасы).

3) Тіркеу аттестаты күшінің мерзімі оны мемлекеттік тізілімге тіркеген күннен үш жылдан көп емес мерзімде белгіленеді.

4) Тіркелген Тіркеу аттестаты және олардың қосымшасы тіркелген ұйымға жіберіледі.

12. Ұйым өзінің заңды мәртебесін, мекен-жайын, атауын немесе ұйымдастыру құрылымын өзгерткен жағдайда, бір ай мерзім ішінде уәкілетті органға Тіркеу аттестатын қайта ресімдеу туралы шешім қабылдау немесе кезексіз тіркеу процедурасын жүргізу үшін хабарлайды.

13. Тіркеу аттестаты күшінің мерзімі біткенге дейін 3 ай бұрын ұйым кезекті тіркеу жүргізуге көкейтесті етілген құжаттар жинағымен уәкілетті органға өтінім береді. Кезекті тіркеуді осы ережелерде белгіленгендей Қазақстан Республикасының МСЖ, ТЖ талаптарына кезекті мерзімге құқықтық өкілетілігін растау мақсатымен белгіленген тәртіпте жүргізеді.

3. Шағымдар

14. Өтінішкер уәкілетті органмен қабылданған шешімдерге наразылық білдіре алады. Бұл үшін ол уәкілетті органның шағыну комиссиясына жазбаша

түрде, қабылданған шешім туралы хабарлама алғаннан кейін бір айдан кем емес мерзімде шағым беруі тиіс. Шағым беру себептерін толық баяндау керек.

15. Уәкілетті орган қабылдаған шешім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес соттық тәртіпте шағынылады.

Тіркеу саласында консалтингілік
қызметтер көрсету жөніндегі
ұйымдарды тіркеу бойынша
Ережелерге 1 Қосымша

2003 жылғы 31 қазандағы N 373

Тіркеуге өтінім нысаны

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СТАНДАРТТАУ, МЕТРОЛОГИЯ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН

Өтінім

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сертификаттау жүйесінде, Тіркеу жүйесінде тіркеу саласындағы консалтингілік қызмет көрсететін орган ретінде
тіркеуге өтінеміз

ұйым атауы

Ұйым ережелерде белгіленгендей, тіркеу саласында консалтингілік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдарға қойылатын барлық талаптарына сәйкесетінін
растаймыз.

Қосымша - атап өтілген құжаттар жинағы 2-данада:

1) тіркеу саласында консалтингілік қызмет көрсету жөніндегі ұйым туралы
ереже;

2) тіркеу саласында консалтингілік қызмет көрсету жөніндегі ұйым
мамандары туралы мәліметтер;

3) сапа жөніндегі басшылық;

4) ұйымның заңды мәртебесін белгілейтін құжаттар көшірмесі;

5) тіркеудің өтінілген саласы.

Ұйым басшысы

қолы

аты-жөні, тегі

Бас бухгалтер

қолы

аты-жөні, тегі

200 ж. " " "

Тіркеу саласында консалтингілік
қызметтер көрсету жөніндегі

ұйымдарды тіркеу бойынша
Ережелерге 2 Қосымша
2003 жылғы 31 қазандағы N 373

**Тіркеу саласында консалтингілік қызмет көрсету
жөніндегі ұйым туралы ереже нысаны**

Б е к і т е м і н

Т і р к е у с а л а с ы н д а
к о н с а л т и н г і л і к қ ы з м е т
к ө р с е т у ж ө н і н д е г і
ұ й ы м б а с ш ы с ы

қолы аты-жөні, тегі

200 ж. " ____ " _____

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сертификаттау жүйесі,
Тіркеу жүйесі

ТІРКЕУ САЛАСЫНДА КОНСАЛТИНГІЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

ұйым атауы

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

Тіркеу саласында консалтингілік қызмет көрсету жөніндегі ұйым
(бұдан әрі ұйым) _____
ұйым атауы, заңды мәртебесі, мекен-жайы

ұйымды тіркеген орган атауы
_____ тіркелді

тіркеу аттестатының тіркеу нөмірі және күні
стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органға
бағынады

2. Ұйымды _____ басқарады
_____ лауазымы

3 . Ұ й ы м ө з қ ы з м е т і н д е
_____ басшылыққа алады

негізгі директивті құжаттар атап өтілсін

4. Ұйым жұмысшыларын жұмысқа қабылдау және босату, лауазымдық
жалақыларын _____ белгілейді
_____ лауазымы

5. Ұйым жұмысшылары арасындағы міндеттерді тарату және лауазымдық нұсқауларды бекітуді _____ жүргізеді
лауазымы

6. Ұйым жұмыстарды шарттық негізінде жүзеге асырады.

2. Негізгі міндеттер мен қызметтер

1. М і н д е т т е р і :

1) тіркеу саласына сәйкес сапалы қызмет көрсетуді ұйымдастыру және к ө р с е т у ;

2) тіркеу мәселелері жөнінде стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) келісім бойынша басқа елдердің уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

2 . Қ ы з м е т т е р і :

1) сертификаттау жөніндегі органдарға және сынақ зертханаларына (орталықтарына) тәуелсіз сараптық бағалау жүргізу, барлық меншік нысандарының заңды тұлғаларына тіркеуге өтінім материалдарын дайындауда әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

2) сертификаттау жөніндегі органдармен дайындалған құжаттар жобасына сараптау жүргізу, сондай-ақ, егер олар заңдардың немесе негізге алынатын Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе ҚР МСЖ, ТЖ негізгі НҚ талаптарына қайшы келетін болса, күші бар нормативтік құжаттарды (бұдан әрі - НҚ) қайта қарау және жою жөнінде уәкілетті органға ұсыныстарды дайындау.

3) ҚР МСЖ, ТЖ жетілдіруге және дамытуға бағытталған НҚ әзірлеу ж ұ м ы с т а р ы н жү р г і з у ;

4) тіркеу, сертификаттау және өнімдерді сынау саласында ұйымдастыру-әдістемелік және нормативтік құжаттар жобасын әзірлеуге қатысу;

5) ҚР МСЖ, ТЖ ұйымдастыру-әдістемелік және нормативтік құжаттарын енгізу жөнінде қызығушылық танытқан шаруашылық субъектілеріне (кеңес, семинар ж.б. жолымен) әдістемелік және практикалық көмек көрсету.

3. Ұйымдастыру құрылымы

1. Ұйымның ұйымдастыру құрылымына:

1) үй л е с т і р у к ең е с і ;

2) тіркеуге дайындау жөніндегі бөлімшелер;

3) көмекші қызметтерді қосады.

Ұйымдастыру-құрылымдық сұлба қосымшада берілген.

2. Үйлестіру кеңесін тіркеу саласына сәйкес барлық жұмыстарды орындауға және тіркеу нәтижесіне тікелей мүдделі тұлғаларына, сарапшы-аудиторларға бейтарап жақтардың ықпал жасамауға жауапты ұйым басшысы басқарады. Үйлестіру кеңесінің әрекеті үйлестіру кеңесі туралы Ережемен реттеледі.

3. Үйлестіру кеңесі мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) ұйым саясатын қалыптастырады және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) ұйымның қызмет саласын кеңейту жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

3) ұйым жұмыстарын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

4) белгіленген талаптарға сәйкестігін белгілеу мақсатымен ұйым қызметіне ішкі тексерулерді жүргізеді.

4. Тіркеу саласында консалтингілік қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру

1. Ұйым:

1) тіркеу кезінде анықталған және осы Ережемен белгіленген қызметтер шегінде жұмыстарды жүргізуге;

2) ҚР МСЖ, ТЖ НҚ әзірлеу және жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізуі;

3) өз өкілеттілігі шегінде заңды және жеке тұлғалармен шарт жасауы;

4) өзінің құзыреттілігі шегінде кәсіпорындар мен ұйымдардан келісім-шарттық міндеттерін орындау үшін қажетті материалдарды сұрастыруы;

5) қажет болса, шарт негізінде кәсіпорындар, мекемелер мамандарын, ҚР МСЖ сарапшы-аудиторларды жұмыстарды жүргізуге қатысуға тартуы;

6) тіркеу мәселелері бойынша шетелдердің мемлекеттік органдарымен және үкіметке жатпайтын мекемелерімен ынтымақтастықты жүзеге асыруы керек.

2. Ұйым:

1) ұйымның заңды мәртебесін белгілейтін құжаттамасына ие болуы керек;

2) тіркеу жүйесінің НҚ әзірлеу және оларды халықаралық талаптармен сәйкестендіру жолымен тіркеу саласында бірегей ғылыми-техникалық саясатты нысандауға қатысуы керек;

3) құжаттарды сараптау нәтижесінің өтінішкер зерттеулерінде және олардың нәтижесі бойынша тұжырымдардың сенімділігін және дұрыстығын қамтамасыз етуі керек;

4) Қазақстан Республикасының заңдар талаптарын, уәкілетті орган шешімі және осы Ереже талаптарын орындауы керек;

5) уәкілетті органға құрылымдық және сапалық өзгерістері және де заңды мекен-жайы және төлеме реквизиттері туралы дер кезінде хабарлай алады;

6) өзінің іс-әрекетіне инспекциялық бақылау жүргізу үшін қажетті жағдайлар тудыра алады;

7) өтінішкердің коммерциялық құпиясын құратын ақпарат құпиялылығын қамтамасыз етуі керек;

8) үнемі (жылында 1 реттен кем емес) өз қызметінің ішкі аудитін жүргізуге;

9) уәкілетті органға өзінің іс-әрекеті бойынша қалыптасқан тәртіпте есепті уақтылы беріп отыруы керек;

10) Тіркеу аттестаты тоқтатылған немесе жойылған жағдайда тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсетуге өтініштер қабылдау сол сәтте тоқтатуға міндетті.

5. Тіркеу саласында консалтингтік қызмет көрсету жөніндегі ұйымның жауапкершілігі

1. Ұйым :

- 1) тіркеу саласын бұзғанына;
- 2) өтінішкердің тәуелсіз сараптау бағалау нәтижелеріне сенімсізділігіне;
- 3) заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттарды бұзғанына жауап береді.

2. Ұйымға осы ережемен жүктелген мәселелердің, қызметтердің және міндеттердің дер кезінде және сапалы орындалуына, және де берілген құқықтардың пайдаланылмағанына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұйым басшысы жауапты.

3. Ұйым қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын талаптар, жауапкершілік, міндеттер, құқықтық өкілеттіктер дәрежесі бекітілген лауазымдық нұсқауларымен белгіленеді.

6. Тараптық кәсіпорындармен өзара іс қимыл

Ұйым өзара байланыс жасайтын кәсіпорында, сондай-ақ осы байланыстардың процедуралары мен қызметтері кестеде келтірілген:

Кәсіпорынның атауы мен мекен-жайы	Кәсіпорын орындайтын процедура, қызметтер	өзара әрекет түрі анықталатын құжат (хаттама, шарт, келісім және т.б.)
1	2	3

Ескерту: 1. Ұйым ережелері тіркеу саласын есепке алып осы Ереже негізінде әзірленеді.

2. Ұйым құрылымында филиалдар, өкілдіктер болса осы Ереже мәтініне олардың мәселелері, қызметтері, құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі кіреді.

Тіркеу саласында консалтингтік
қызметтер көрсету жөніндегі
ұйымдарды тіркеу бойынша

Ережелерге 3 Қосымша

2003 жылғы 31 қазандағы N 373

Мамандар туралы мәліметтерді ұсыну нысаны

**Тіркеу саласында консалтингтік қызмет
көрсету жөніндегі ұйым мамандары туралы
МӘЛІМЕТТЕР**

ұйым атауы

Аты-жөні, тегі	Дипломы бойынша	Атқаратын қызметі	Аттестат. талған күні, сарапшы- аудитордың сертификат N	Қызмет саласы	Біліктілігін туралы	арттыру мәліметтер күжат N мамандан. дырылуы
1	2	3	4	5	6	7

Ескерту: Кезектілік тәртібінде аталып өтіледі:

- с а р а п ш ы - а у д и т о р л а р ;
- м а м а н д а р ;

- шарт бойынша тартылатын сарапшы-аудиторлар.

Ө т і н і ш к е р - ұ й ы м

басшысы

қолы аты, жөні-тегі

МО

Тіркеу саласында консалтингтік

қызметтер көрсету жөніндегі

ұйымдарды тіркеу бойынша

Ережелерге 4 Қосымша

2003 жылғы 31 қазандағы N 373

Тіркеу аттестатына берілетін қосымшалар нысаны

Б е к і т е м і н

Стандарттау, метрология

және сертификаттау

жөніндегі уәкілетті

органның басшысы

қолы аты, жөні-тегі

200 ж. " " "

Тіркеу аттестатына
берілетін қосымшалар
200 ж. _____ N _____

**Тіркеу саласында консалтингілік қызметтер
көрсету жөніндегі ұйымды тіркеу саласы**

ұйым атауы, мекен-жайы

Объектінің атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Объектіге қойылатын талаптарды белгілейтін	Қызмет көрсету процесіне қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құжат н о р м а т и в т і к қ ұ ж а т
1	2	3	4

Ө т і н і ш к е р - ұ й ы м

басшысы

колы аты, жөні-тегі

Ескерту: Осы қосымшаның әр беті уәкілетті органның мөртаңбасымен
расталады.

Тіркеу саласында консалтингілік
қызметтер көрсету жөніндегі
ұйымдарды тіркеу бойынша

Ережелерге 5 Қосымша

2003 жылғы 31 қазандағы N 373

Зерттеу актісінің нысаны

Қазақстан

Мемлекеттік

Республикасының

сертификаттау

жүйесі,

Тіркеу жүйесі

**Тіркеу
көрсету**

**саласында
жөніндегі**

**консалтингілік
ұйымды**

**қызмет
зерттеу**

АКТІСІ

ұйым атауы

200 жылдың "____" _____ 200 жылдың "____" _____ дейінгі
кезеңде _____ негізінде

тексеру жүргізу туралы құжат нөмірі атауы, нөмірі және күні

комиссия құрамында: _____

аты-жөні, тегі, лауазымы және жұмыс орны

өтінішкер-мекеменің атауы

тіркеуге дайындығын белгілеу мақсатымен зерттеу жүргізді

1 . Б е л г і л е н д і :

1.1 Заңды мәртебесі мен ұйымдастыру құрылымы

1.2 Нормативтік құжаттар қоры

1 . 3 Қ ы з м е т к е р

1 . 4 С а п а ж ү й е с і

1.5 Жұмыстарды және жұмыс құжаттарын тіркеуді жүргізу

2. Қорытынды _____

3. Ұсыныстар _____

Акт _____ бетте, 3 данада құрастырылды және:

1-сі стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органға

2 - ш і ө т і н і ш к е р - ұ й ы м ғ а

3-сі іс құжаттарына жіберілді

Комиссия төрағасы _____

Қ О Л Ы

Комиссия мүшелері _____

қолы

Актімен таныстым және бір данасын алдым

_____ басшы лауазымы _____ жеке қолы _____ аты-жөні, тегі

Ескерту: 1 тармақта әр тармақша бойынша белгіленген талаптарды сақтау туралы мәліметтер баяндалады.

Тіркеу саласында консалтингілік

қызметтер көрсету жөніндегі

ұйымдарды тіркеу бойынша

Ережелерге 6 Қосымша

2003 жылғы 31 қазандағы N 373

Тіркеу аттестаты нысаны

Стандарттау, метрология және сертификаттау
жөніндегі уәкілетті орган

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сертификаттау жүйесі,
Тіркеу жүйесі
Тіркеу саласында консалтингілік қызмет
көрсету жөніндегі ұйымды тіркеу
АТТЕСТАТЫ

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сертификаттау жүйесінің
Мемлекеттік Тізілімінде тіркелген
200 ж. "___" _____. N ____
200 ж. "___" _____. дейін күшінде

СТАНДАРТТАУ, МЕТРОЛОГИЯ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ
УӘКІЛЕТТІ ОРГАН _____

ұйым атауы, мекен-жайы

ТІРКЕУ САЛАСЫНДА КОНСАЛТИНГІЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СЕРТИФИКАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ТІРКЕУ
ЖҮЙЕСІ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІН ЖӘНЕ ТІРКЕУ САЛАСЫНА
СӘЙКЕС ЖҮЙЕДЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНА ТІРКЕЛГЕНІН
КУӘЛАНДЫРАДЫ

Тіркеу саласы осы аттестатқа қоса берілетін қосымшамен анықталған _____
_парақта(тарда)

Стандарттау, метрология
және сертификаттау
жөніндегі уәкілетті
орган басшысы _____

қолы аты-жөні, тегі